

Қанатты қиял

Жазғытұрым. Жайлы кеш.
Отырды әке, жас бала,
Әңгіме айтып, сырласып,
Кеңес құрып өзара.

«Шырағым — дейді ол, — ертеде
Ұшатын кілем болыпты.
Айшылық алыс жердерге
Өзі ұшып-қоныпты.
Адам оған ауыр жүк —
Артып, көкке ұшыпты.
Кең аспанды аралап,
Айды, күнді құшыпты...»

Тыңдап сөзін әкенің,
Оқуға жүріп ұл кетті.
Содан бері арада
Талай ай, күн, жыл өтті.

Бір күні қайтты баласы
Самолетін самғатып,
Өнерімен ұшқыштық
Көрген жанды таңғалтып.

Осылайша, атаның
Қиялын сан ғасырлық
Шығарып біз шындыққа,
Іс жүзіне асырдық.

Бүркіт СҚАҚОВ.